

Есірткілік дәрі-дәрмектерді сатып алу, өткізу, сақтау есепке алу және тасымалдау тәртібі мен оны бақылау жөніндегі және "Күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу, өткізу сақтау, есепке алу және тасымалдау жөніндегі" Нұсқауларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 251 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1996 жылғы 10 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 230. Күші жойылды - ҚР Ішкі Істер Министрлігінің 2005 жылғы 13 шілдедегі N 429 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін БҰҰЫРАМЫН:

1. "Есірткілік дәрі-дәрмектерді сатып алу, өткізу, сақтау, есепке алу және тасымалдау тәртібі мен оны бақылау жөніндегі" және "Күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу, өткізу, сақтау, есепке алу және тасымалдау жөніндегі" Нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 251 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде N 230 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

Министрдің міндетін атқарушы
милиция генерал-майоры

1. "Есірткілік дәрі-дәрмектерді сатып алу, өткізу, сақтау есепке алу және тасымалдау тәртібі мен бақылау жөніндегі" (1 қосымша) және "Күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу, өткізу сақтау, есепке алу және тасымалдау тәртібі жөніндегі" Нұсқауларды бекітілсін және 1995 жылдың 1 желтоқсанынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Алматы қаласының ПББ, облыстық көліктегі және Ленинск қаласының ПББ басшыларына:

2.1. Тиісті қызмет бөлімдері қызметкерлерінің аталған нұсқауларды оқып-үйренулерін ұйымдастырсын және олардың сынақ тапсыруларын қамтамасыз етсін.

2.2. 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап, есірткілік дәрі-дәрмектерді және

күшті әсер етуші улы заттарды сақтау және есепке алу тәртібін тексерсін, олардың сақталуы мен тасымалдауына қатаң бақылау жүргізсін.

3. ССРО ИМ N 76, 27 сәуір 1973 жылғы және N 247, 4 қыркүйек 1968 жылғы бұйрықтарды өз күшін жойды деп есептелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы ИМ қоғамдық тәртіпті сақтау бас басқармасына жүктелсін.

М И Н И С Т Р І Ш К І Қ Ы З М Е Т

ГЕНЕРАЛ-МАЙОРЫ

"Бекітемін"

"Келісемін"

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

Денсаулық сақтау министрі

орынбасары милиция

В.ДЕВЯТКО

полковнигі Н.ӘКІМБЕКОВ

19__ ж. " __ " _____

19__ ж. " __ " _____

Есірткілік дәрі-дәрмектерді бақылау және оларды сатып алу, өткізу, сақтау, есепке алу мен тасымалдау тәртібі туралы НҰСҚАУ

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р і

1. Есірткі заттарын сатып алу, тасымалдау, сақтау және есепке алу ережелерінің орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктеледі (аумақтық бағыныштылығына қарай), олар өз кезегінде кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға есірткі заттарын сатып алуға, оларды (автомашинамен, көлік-арбамен немесе теңдеп артылған жүкпен) тасымалдауға және сақтауға, сондай-ақ есірткілік дәрі-дәрмектерді өткізетін ұйымдардың және бақылау-талдау зерттеулерін жүргізетін лабораториялардың жұмыс істеуіне лицензия (рұқсат) б е р е д і .

Ескертулер: Дәрігерлік мақсатқа арналған есірткі заттарын сатып алуды, тасымалдауды, сақтауды және есепке алуды Нұсқауда көрсетілген мекемелерден басқасын, милиция органдары бақыламайды.

Апиын шикізатына және майлы көкнардың қорапшаларына осы Нұсқау қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Есірткі заттарын сатып алу, сақтау, босатылуына есеп жүргізу және тасымалдау тәртібін сақтауға тиісті кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары немесе сенімхат бойынша өкілетті адамдар жауап береді, олар есірткі заттарының сақталуына, босатылуына, есеп жүргізілуіне, тасымалдануы мен негізді пайдалануына тікелей басшылық жасайды.

3. Ішкі істер органдары республикалық, облыстық және ауданаралық дәріханалар қоймаларының (базаларының), стационарлық емдеу мен айналыспайтын денсаулық сақтау жүйесі лабораторияларының, ғылыми-зерттеу

жұмыстары мен оқу орындарының, сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволардың ғылыми зерттеу институттары мен оқу орындарының есірткі заттарын сатып алу, сақтау, босатылуына есеп жүргізу және тасымалдау тәртібіне тоқсан сайын тексеру жүргізеді.

II. Есірткі заттарын өткізу, сатып алу және есеп жүргізу тәртібі

4. Дәрігерлік мақсатқа және басқа қажеттерге есірткі заттарын бөлу жоспарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен басқа ведомстволардың аймақтық құрылымдарда есірткі заттарын тұтынуды талдау негізінде жасалған оларға деген өтініш бойынша Қазақстан Республикасының есірткіні бақылау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы бекітеді.

5. Дайындаушы заводтар есірткі заттарын республикалық, облыстық және ауданаралық дәріханалар қоймаларына (базаларына) милиция органдарының лицензиясынсыз (рұқсатынсыз) нарядтар бойынша босатады.

6. Қоймалар (базалар) есірткі заттарын тұтынушыларға Қазақстан Республикасының есірткіні бақылау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы бекіткен тұтыну нормативтері (бөлу жоспары) шегінде босатады, бұл ретте оларда белгіленген тәртіпте берілген есірткі заттарымен фармацевтикалық қызметпен айналысуға және осы заттарды пайдалануға лицензиясы (рұқсат) болу керек.

Денсаулық сақтау жүйесінің емдеу-профилактикалық және басқа ұйымдары Қазақстан Республикасы Денсаулық министрлігінің немесе оның аймақтық органдарының бұйрығы бойынша есірткі заттарымен жабдықтау үшін белгілі бір қоймаларға (базаларға) бекітіліп қойылады. Есірткілік дәрі-дәрмектер оларды тұтынушы кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары қол қойған сенімхат бойынша босатылады.

7. Денсаулық сақтау жүйесінің ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындары (лабораториялары) дәріхана қоймаларынан есірткі заттарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің немесе оның аймақтық органдарының және аумақтық ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша алады.

8. Есірткілік дәрі-дәрмектермен жұмыс істеу үшін қоймаларда, базаларда (жұмыс істейтін және жаңадан ашылатын) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрілігі немесе оның аумақтық органдарымен жергілікті ішкі істер органдары берген лицензиясы рұқсаты болу керек.

Жұмыс істейтін қоймаларда (базаларда) және жаңадан ашылатындарында дәрі-дәрмектер сақтауға лицензия (рұқсат) алу үшін милиция органдарына мыналар тапсырылуы керек:

а) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі немесе оның аймақтық органдары берген фармацевтика қызметімен айналысуға арналған л и ц е н з и я с ы ;

в) Санитарлық-эпидемиологиялық және өртті қадағалау, милиция мен мүдделі ұйымдардың өкілдерінен тұратын ведомствоаралық комиссияның есірткілік дәрі-дәрмектердің сақталуын қамтамасыз ететін жайлардың техникалық жарамдылығын және оларды күзет-өрт дабылымен жабдықтау

т у р а л ы а к т і с і ;

в) Күзеттің жеке құрамы мен есірткі заттарына жіберілген адамдардың тізімі.

9. Есірткі заттарын сатып алуға лицензияны (рұқсатты) ішкі істер органдары мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға олардың басшыларының жазбаша талабы бойынша береді. Оған осы заттарды тұтынушылары мен жасалған шарт, есірткі заттарын сақтауға арналған лицензия (рұқсат) және осы заттармен фармацевтік қызметпен айналысуға арналған лицензия қоса тіркеледі.

10. Есірткі заттарын сақтауға лицензия (рұқсат) кәсіпорындардың, мекемелердің ұйымдардың қоймаларының (база) басшыларының атына олардың өтініштері негізінде 3 жыл мерзімге беріледі. Оған осы Нұсқаудың 9 тармағында көрсетілген құжаттар қоса тіркеледі.

11. Есірткі заттарын қолданатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар (қоймаларда және басқа сақтайтын орындарда) жіп өткізілген және мөр басылып, қол қойылған арнаулы кітаптарда есеп жүргізуге міндетті. Есірткі заттарының кірісі мен шығысы осы заттардың қанша мөлшерде қалғанын күнделікті анықтауға болатындай есеппен жүргізіледі.

12. Есірткі заттарын бір тұтынушыдан екіншісіне беруге тыйым салынады.

13. Өзінің тікелей мақсаты бойынша пайдалануға болмайтын немесе қолдануға қажет болмай қалған есірткі заттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің есірткі бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсаты бойынша дайындаушы заводқа қайта өңдеуге жіберілуі мүмкін. Екі жақтың келісімі болмаған жағдайда бұл заттар белгіленген тәртіппен акт б о й ы н ш а ж о й ы л а д ы .

III. Есірткі заттарын сақтау тәртібі

14. Есірткі заттарын сақтауға арналған базистік және шығыс қоймалары қоршаған болуы керек жұмыстан кейінгі уақытта қоймалардың жайлары жабылып, мөр соғылып және тәулік бойы қаруланған күзет, қойылады ал қоймаларға апаратын жолдар түнгі уақытта жарық пен қамтамасыз етіледі.

Күзеттің түрі, олардың қарулануы, техникалық құралдары мен олардың санын милиция органымен келісім бойынша кәсіпорынының басшылары бірлесіп белгілейді.

15. Есірткілік дәрі-дәрмектер мынадай жағдайда сақталуы керек:

- дәріхана қоймаларында - жеке бөлмеде сейфте немесе темір шкафта аузы құлыпталады, терезелері темір торлармен бекітіледі, есіктері темірмен қапталған, ал жайлары - жары және дабыл беру құралдарымен жабдықталады немесе күзетіледі;

- ғылыми зерттеу мекемелері мен оқу орындарында, сондай-ақ лабораторияларда;

- жеке бөлмелерде бекітілетін темір (сейф) шкафтарда. Терезелері темір мен торланған, есіктері - темірмен қапталып, берік құлыппен жабылады;

- жұмыс көлемі шағын ғылыми-зерттеу мекемелері мен лабораторияларда есірткі заттарын (5 грамнан көп емес) жеке бөлмесіз сейфтерде сақтауға рұқсат етіледі;

- дәрі-дәрмектер дайындайтын кәсіпорындарда-жеке бөлмелерде, есігі құлыпталып жабылатын темір торлармен бекітілген, есіктері-темірмен қапталып, берік құлыппен жабылады.

Бөлмелер мен шкафтар жұмыс аяғында құлыпталып, ал кілттер, мөр және пломбы есірткі заттарды сақтауға жауапты адамда болады;

- дәріхана басқармасының бақылау-талдау лабораторияларында - темір сейфтерде сақталады.

16. Есірткі заттарын сақтау үшін жер үйлерді, палаткаларды, жанар май материалдарының қойма жайларын пайдалануға, сондай-ақ есірткелерді төбе немесе ашық аспан астында сақтауға тыйым салынады.

ІҮ. Есірткі заттарын тасымалдау тәртібі

17. Есірткі заттары теміржолмен және су жолымен, сондай-ақ әуе көлігімен Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі шығаратын тиісті ережелермен көзделген тәртіпте ішкі істер органдарының рұқсатынсыз тасымалданады.

18. Есірткі заттарын автомашиналармен, арбамен және теңдеп артылған жүкпен, сондай-ақ теміржол және су көлігінде қол жүгімен тасымалдау ішкі істер органдарының лицензиясы (рұқсаты) бойынша жүзеге асырылады.

Есірткі заттарын қала немесе аудан ішінде тасымалдау ішкі істер органдарының лицензиясынсыз (рұқсатынсыз) жүргізіледі. Бұл жағдайларда олар қойма (база) басшысы немесе жүкті беруші берген жол куәлігі бойынша тасымалданады. Қоймалар (базалар) есірткі заттарын көліктің барлық түрімен ішкі істер органдарының лицензиясынсыз (рұқсатынсыз) жол куәліктері

т а с и д ы .

20. Егер есірткі заттарының жүгі белгіленген жерге қысқа мерзімде жеткізілуі мүмкін болса, бұл жағдайда оларды түнгі уақытта босатуға және тасымалдауға қ а т а н т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Лицензия (рұқсат) алу үшін мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар ішкі істер органдарына жүктің көліктің қай түрімен тасымалданатын, маршруты мен тасымалдау ұзақтығы көрсетілген, сондай-ақ жолда жүкті тасымалдау және күзету үшін жауапты адамдардың тізімі қоса тіркелген өтініш береді.

23. Сауықтыру-профилактикалық және дәріхана мекемелерінен есірткілік дәрі-дәрмектердің ұрлануы және жымқырылуы туралы барлық жағдайларда кінәлілерді анықтап, оларды қылмыстық жауапқа тарту үшін ішкі істер органдарына дереу хабарлау керек.

25. Есірткі заттарын тасымалдау (әкелу, әкету және өткінші тасымалдау) тәртібі Қазақстан Республикасының Кеден заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

бұйрығына N 2 қосымша

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы ішкі
істер Министрінің орынбасары

" " 1995ж.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан

"Экспорт-Импорт" Көлік және

Республикасының Қазақстан коммуникация
Денсаулық сақтау ДХ Командит Министрінің
Министрінің Корпорациясының орынбасары
орынбасары Президенті

Күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу, өткізу, сақтау,
есепке алу және тасымалдау тәртібі жөніндегі

Н Ұ С Қ А У

Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Лицензиялық-рұқсат жүйесімен бекітілген күшті әсер етуші улы заттардың тізімі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен (N 1 қ о с ы м ш а) б е к і т і л е д і .

2. Ішкі істер органдары күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу, тасымалдау және сақтау ережелерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады, оларды сатып алу, сақтау және тасымалдауға, сондай-ақ уларға анализ жасайтын, оларды сатып өткізетін ұйымдар мен лабораторияларға лицензия (рұқсаттар) береді.

3. Күшті әсер етуші улы заттарды өндіруші кәсіпорындар, оларды алуға, ал қажет болған жағдайда тасымалдауға ішкі істер органдары беретін лицензияларды (рұқсаттарды) міндетті түрде ұсына отырып, оларды министрліктер мен ведомстволардың (бөлінген қорлар шеңберіндегі) нарядтары бойынша тұтынушыларға күшті әсер етуші улы заттарды, оларды сатып өткізетін ұйымдарға босату министрліктер мен ведомстволардың нарядына енгізілген ұйымдарға, ішкі істер органдарының рұқсаттарынсыз, жүзеге асырылады.

Медициналық және малдәрігерлік мақсатта қолданылатын қатты әсер етуші улы заттар, ішкі істер органдарының рұқсатынсыз, сатып алынады, т а с ы м а л д а н а д ы ж әне с а қ т а л а д ы .

4. Күшті әсер етуші улы заттарды өткізу былайша жүзеге асырылады:

а) барлық мұқтаждықтар үшін (осы баптың "б", "в", және "г" тармақшаларында көрсетілгендерден басқа) "Экспорт-Импорт Қазақстан ДХ Коммандит" Корпорациясының сатып өткізуші бөлімдері арқылы;

б) ауыл шаруашылық мұқтаждықтары үшін (мал дәрігерліктен басқа) - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің жанындағы ғылыми жабдықтау және материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы арқылы;

в) медициналық мұқтаждықтар үшін - "Фармация" акционерлік қоғамы улы, есірткілік және соларға теңестірілген дәрі-дәрмектермен фармацевтік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар басқа да шаруашылық етуші субъектілер а р қ ы л ы ;

г) мал дәрігерлік мұқтаждықтар үшін -
- ҚР ауыл шаруашылық Министрлігінің жанындағы "Каззооветоснаб"

республикалық бірлестігі арқылы.

5. Күшті әсер етуші улы заттарды өткізу жөніндегі бөлімдер мен кеңселерді құрамына өткізуші ұйым енетін тиісті министрліктер мен ведомстволардың және ішкі істер органдарының рұқсатымен ғана ашуға болады. Өткізуші ұйымдардың жұмыс істеуіне лицензиялар (рұқсат қағаздарын) алу үшін, ішкі істер органдарына мыналар ұсынылады:

- арыз (ходатайство)

- санитарлық, өрт бақылауы, милиция және қоймалардың улы заттарды сақтау жарамдылығына мүдделі ұйымдардың өкілдерінен құралған комиссияның актісі;

- қойма күзетушілер мен қатты әсер етуші улы заттарға баруға рұқсат етілген адамдардың жеке құрамының тізімі.

6. Өткізуші ұйымдар тұтынатын ұйымдар мен кәсіпорындар басшылары қол қойған сенімхаттар мен ішкі істер органдарының рұқсаттары бойынша, бөлінген қорлар шеңберінде, тұтынушыларға қатты әсер етуші улы заттарды босатады.

Күшті әсер етуші улы заттарды өткізуді, ішкі істер органдарының рұқсатынсыз, "Фармация" Акционерлік қоғамы мен улы, есірткілік және соларға теңестірілген дәрі-дәрмектермен фармацевтік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар басқа да шаруашылық етуші субъектілер-медициналық мұқтаждықтар үшін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы "Каззооветснаб" республикалық бірлестігі-малдәрігерлік мұқтаждықтар жүзеге асырылады.

7. Стационарлық емдеумен шұғылданбайтын жоғары, орта медициналық және малдәрігерлік оқу орындары, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-зерттеу медициналық және малдәрігерлік мекемелер қатты әсер етуші улы заттарды жалпы негіздерде бөлімдер, қоймалар, базалар арқылы алады. Егер оқу орындары орналасқан жерде 4.6. тармақшаларда көрсетілген өткізуші ұйымдар болмаса, онда күшті әсер етуші улы заттарды олар ішкі істер органдарының лицензия (рұқсаты) бойынша, "Фармация" Акционерлік қоғамының және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің жанындағы "Каззооветснаб" республикалық бірлестігінің-өткізуші ұйымдарынан алады.

8. Өткізуші ұйымдар даярлаушы кәсіпорындардан алынған, оларды қажет етуден қалған тұтынушылардан алынған, оларды сатып алу, тасымалдау және сақтау тәртібін бұзғаны үшін, ішкі істер органдары қолға түсірген қатты әсер етуші улы заттарды өткізеді.

9. Өткізуші ұйымдардың күшті әсер етуші улы заттарды сақтайтын үй-жайлары, басқа тауарлар мен материалдарды сақтайтын үй жайлардан бөлек орналасуы тиіс және күзетілуі қажет.

Күшті әсер етуші улы заттарды өлшеп-орау (өлшеу) жергілікті сорғыш

саңылаулары бар жекеленген үй-жайларда жүзеге асырылуы тиіс.

10. Өлшеп-оралған қатты әсер етуші улы заттар тұтынушыларға ұқыпты пломбыланған және бөлектенген, өткізуші ұйымының таңбасы, өнімнің атауы, шығарылған сериясының нөмірі, брутто, нетто, салмақтары адамның бас сүйегінің бейнесі көрсетілген және "у" деген сөз жазылған металл және шыны ы д ы с т а р м е н б о с а т ы л а д ы .

11. Мекемелерге, кәсіпорындарға және ұйымдарға күшті әсер етуші улы заттарды сатып алу рұқсаты олардың басшыларының жазбаша өтінішіне қосымша улы заттар қорларын бөлу жөніндегі хабарлама немесе наряд бойынша беріледі. Бөлінген қорға рұқсат-тиеу мерзімін көрсете отырып, бірден немесе, улы заттарды сақтау қоймаларының көлеміне байланысты бөлек-бөлек беріледі.

Улы заттарды азғантай мөлшерде бір жолғы сатып алу рұқсаты жоғарғы ұйымдардың сатып алу мақсаты көрсетілген жазбаша арыз бойынша беріледі.

12. Күшті әсер етуші улы заттар тұрғын үйлер мен өндірістік құрылыстардан бөлектенген үй-жайларда орналасқан тұтынушылардың арнайы тағайындалған және жабдықтандырылған қоймаларында сақталуы тиіс.

Улы заттар қоймасының кіретін есіктері берік болуы тиіс:

металл немесе ағаштан жасалған, сыртқы құлыппен жабылатын, темірмен қапталған. Егер қоймаларда терезе ойықтары болса, олар көлденеңінен 15 мм қашықтықтан кем емес темір шыбықтардан тұратын тормен бекітілуі тиіс.

Тұтынушылардың қойма үй-жайлары құрғақ, жарық, әрі жақсы табиғи және жергілікті желдеткіші болуы керек және кем дегенде екі бөлімнен тұруы қажет: улы заттарды сақтау және беру бөлімінен, арнайы киімдер, су сабын, сондай-ақ алғашқы жәрдем көрсету дәрі қобдишасы сақталатын бөлімнен:

13. Улы заттарды сақтау үшін, жер үйлерді, шатырларды, жанар-жағар өнімдері қойылған үй-жайларды пайдалануға, сондай-ақ улы заттарды қалқаның астында немесе ашық жерде сақтауға болмайды, институттарда, лабораторияларда қатты әсер етуші улы заттардың азғантай мөлшерін (3 кг салмаққа дейін) құлпы жөндетілген берік сейфтерде сақтауға рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда улы заттардың қоршаған ортадағы адамдарға қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т .

14. Күшті әсер етуші улы заттарды сақтауға арналған негізгі және шығыс қоймалар қоршалуы тиіс, жұмыс істемейтін уақыттарда қоймалар жабық тұруы керек және есіктері мөрмен жабылып, тәулік бойы қарулы күзет қойылуы тиіс, ал қоймалардың маңайы түнгі уақытта жарықтандырылуы керек.

Күзеттің қандай болатыны, олардың қарулары мен техникалық құралдарының санын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары ішкі істер органдарымен келісе отырып, белгіледі:

әр қоймадағы улы заттардың мөлшері ішкі істер органдары рұқсат ететін

15. Осы Нұсқаудың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды қосымша тіркеу арқылы, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың басшылары атына улы заттарды сақтауға, олардың жазған өтініштері негізінде рұқсат етіледі:

Күшті әсер етуші улы заттарды сақтауға арналған қоймалар санитарлық, өртті бақылау, милиция мүдделі ұйымдар органдары өкілдерінен құралған ведомствоаралық комиссия арқылы қабылданады.

16. Улы заттарды қолданатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар оларды арнаулы бау өткізілген және мөрмен бекітілген кітапқа тіркеуді жүргізуге міндетті. Улы заттардың кірісі мен шығысын есептеуді жүзеге асыру үшін, олардың қолдағы бар мөлшерін күнделікті есептеп отыру қажет.

17. Түрлі ұйымдардың тапсыруы бойынша, күшті әсер етуші улы заттарды зерттеу қажеттілігін растайтын жоғарғы ұйымдардың анықтамасына берілетін ішкі істер органдарының рұқсаты негізінде жұмыс істейді.

Лабораториялар улы заттарды сақтауға рұқсат берген ішкі істер органдарын көрсете отырып жазған тиісті ұйым басшысының өтініші бойынша, күшті әсер етуші улы заттарды зерттеуге қабылдайды. Қабылданған улы заттар арнаулы бау өткізілген және мөрмен бекітілген кітапқа тіркеледі.

Зерттеуден кейін күшті әсер етуші улы заттардың қалдықтары ұйымдардың өздеріне қайтарылады, ал жөнсіз деп табылған жағдайда, белгіленген тәртіп бойынша, оларды жою тәсілі қолданылады.

18. Улы заттарды тұтынушылардың бір-бірінен алуы және өзара алмасулары жоғарғы ұйымдардың ұйғарымы ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша бір министрлік пен ведомствоның шеңберінде рұқсат етіледі.

19. Тікелей қолдануға болмайтын немесе қажетсіз боп қалған күшті әсер етуші улы заттар, сатып өткізетін ұйымдарға тапсырылады. Улы заттарды тіркеуден алу үшін, оларды сақтауға рұқсат берген ішкі істер органына, міндетті түрде оларды тапсыру туралы хабарлау қажет.

Жарамсыз күйге келген немесе тікелей мақсатта қолдануға болмайтын және сатып өткізетін ұйымдарға тапсыруға келмейтін күшті әсер етуші улы заттар арнаулы ережелерге сәйкес жойылады.

Медициналық және малдәрігерлік мақсатта қолданылатын улы заттарды сатып алу, өткізу есепке алу және оларды жұмсау тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі мен Ауыл шаруашылығы Министрлігі дайындап шығаратын нұсқауларға сәйкес реттеледі.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ:

20. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдау (тасып әкелу, сыртқа шығару және транзиттеу) тәртібі Қазақстан Республикасының Кеден заңдарына және оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен әсер етуші улы заттарды темір жолдар арқылы тасымалдау Ережелерінде, ал әуе көлігімен тасымалдауда Қазақстан Республикасы көлік Министрлігінің қауіпті жүктерді әуе арқылы тасымалдау Ережелерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21. Күшті әсер етуші улы заттарды темір жолмен және су қатынасы жолдарымен тасымалдау (қол жүгінен басқа) ішкі істер органдарының рұқсатынсыз жасалады.

Күшті әсер етуші заттар әуе көлігімен және қол жүгі ретінде ішкі істер органдарының рұқсатынсыз тасымалданады.

22. Қол жүгі ретінде темір жолдары және су қатынасы жолдары, автомобиль, ат арба арқылы және жүкпен күшті әсер етуші улы заттар ішкі істер органдарының рұқсатымен тасымалданады.

23. Күшті әсер етуші улы заттарды қала немесе аудан көлемінде тасымалдау ішкі істер органдарының рұқсатынсыз жүзеге асырылады. Бұл жағдайларда улы заттар өткізуші ұйымның басшысы немесе жүкті жөнелтуші адам берген жол куәліктерінің негізінде тасымалданады.

24. Улы заттарды автокөлікпен теміржол станциясына жеткізу немесе теміржол станциясынан әкелу үшін, егер жүкті қабылдаушы және жөнелтуші адам ол жерге жақын қашықтықта болса (бір ауданның аумағында), онда улы заттарды қауіпсіздіктің барлық шараларын қолдану арқылы, тек ішкі істер органдарының рұқсаттарымен, жүкті қабылдаушы немесе жүкті жөнелтушінің жол куәліктері бойынша тасымалданады.

25. Өткізуші ұйымдар күшті әсер етуші улы заттарды қоймаларға ішкі істер органдарының рұқсаттарымен тасымалдайды.

26. Улы заттарды тасымалдау адамның жеке басының және қоғамдық қауіпсіздік, әрі сақтық шараларын қадағалай отырып, тиісті күзет қою арқылы және міндетті түрде улы заттардың қасиеттері мен оларды қолдану жағдайларын білетін жүкті қабылдаушы немесе жүкті жөнелтуші адамның жауапкершілік алуымен жүзеге асырылады.

Жүктерді тасымалдау кезінде бірге еріп жүруге жауапты адамды өткізуші ұйымдар тағайындайды.

27. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдауды бірге еріп жүретін адамдарды дұрыс іріктеп оларға нұсқау беруге осы адамдарды тағайындайтын кәсіпорын, мекеме мен ұйымдардың басшылары жауапкершілік алады.

Бұл адамдарды мұқият түрде тексеріп, нұсқау бергеннен кейін, оларды ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік алатындықтары жөнінде ескерте отырып, олардың Нұсқауларды және улы заттарды тасымалдау ережелерін

қадағалау туралы қолхат алып қалу қажет.

28. Жүкті тасымалдауда еріп жүруге жауапты адамның міндеттеріне мыналар ж а т а д ы :

- жөнелту орнынан белгіленген орынға дейін жүкпен бірге еріп жүру және о н ы к ү з е т у ;

- күзетушілер мен көлік жүргізушілерге нұсқау беру;

- улы заттарды тасымалдайтын көліктің жарамдылығын байқау және оны д а й ы н д а у ;

- сыртқы көрініс байқау (жүктің буып-түйілуінің және тауарға белгі соғудың дұрыстығын тексеру) және жүкті алатын орындарда күшті әсер етуші улы з а т т а р д ы қ а б ы л д а у ;

- жүкті тиеу және оны бекіту кезінде бақылау жүргізу;

- көліктің қозғалысы және оны тоқтату кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- жеке басының және қоғамдық қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру;

- белгіленген орынға келгеннен кейін, жүкті тапсыру;

29. Күшті әсер етуші улы заттарды оның мөлшеріне байланыссыз, қоғамдық көлікте қол жүгі ретінде алып жүруге, сондай-ақ, пошта арқылы күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдауға тыйым салынады.

30. Күшті әсер етуші улы заттарды сатып өткізуші, жөнелтуші ұйымдардың басшылары немесе олардың уәкілдері улы заттарды жөнелту алдында, Нұсқаудағы айтылған талаптарға сәйкес, көліктің жарамдылығын, сондай-ақ күзеттің дайындығын тексеруден кейін ғана улы заттарды жөнелтуді жүзеге а с ы р у л а р ы қ а ж е т .

Егер нұсқаудағы ережелерді бұзу әрекеттері болса, (ішкі істер органдарының тасымалдау туралы рұқсатының барлығына қарамастан) күшті әсер етуші улы заттар ережелерді бұзу әрекеттері жойылғанша, берілмейді.

31. Егер улы заттар тиелген жүк белгіленген жерге дейін азғана уақыттың ішінде жеткізілген болса, мұндай жағдайларда жүкті түнгі уақытта тасымалдауға, сондай-ақ жөнелтуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

32. Тасымалдау кезінде арнайы жағдайлар туғызуға және қауіптілік дәрежесіне байланысты күшті әсер етуші улы заттар төрт топқа бөлінеді:

- 1-ші топ - күкіртік көміртік;

- 2-ші топ - хлорпикрин, көгертетін қышқыл;

- 3-ші топ - с а р ы ф о с ф о р ;

- 4-ші топ - мышьяк ангидридi, алмас, акрил қышқылының нитролы, меркантофос, этилмеркурхлорид, этилмеркурфосфат, дальдрин, альдрин, бруцин, никотин, стрихнин, цинхонин, көгертетін қышқыл тұздары (цианды натрий, цианды калий, цианды кадмий, цианды барий, цианды күміс, цианды және

окцианды сынап, цианды мыс, цианды мырыш, цианды кальций), цианды дәрі-дәрмектер (циклон, цианплав), меруран,

2-ші, 3-ші, 4-ші топтардағы улы заттарды 1-ші топтағы улы заттармен (бір машинада немесе жүк таситын арбада) бірге тасымалдауға үзілді-кесілді тыйым салынады.

2-ші, 3-ші, 4-ші топтарға жататын улы заттарды бірге тасымалдау кезінде олар бір-бірінен бөлек буылып-түйілуі тиіс.

33. Рұқсаттар жүкті апаратын мекен-жай бойынша ішкі істер органдары арқылы беріледі.

Рұқсат алу үшін мекеме, кәсіпорын және ұйымдар ішкі істер органдарына жүктің қандай көлікпен тасымалданатыны, жол бағыты мен тасымалдауға кететін уақыты, сондай-ақ жол бойында жүкті күзетуге және тасымалдауға жауаптың адамдардың тізімі қосымша тіркелген өтініш ұсынады.

34. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдауға жөнделген және соған лайық жабдықталған көлік қана беріледі. Тасымалдау үшін, жол бағыты бойынша жүретін жолдар мүмкіндігінше біртегіс болуы көпірлер жөнделген және қозғалысы аз ғана болуы тиіс. Халқы көп елді мекендер арқылы өтпеуге тырысу қажет.

35. Автомобиль төмендегідей талаптарға жауап беруі тиіс:

- өртке қарсы құрал-жабдықтар (2 өрт сөндіргіш құрал, 2 шелек, күрек, лом, құм салынған жәшік), ескерту белгілері, сондай-ақ шынжырлар және басқа да (қысқы уақытта) сырғанауға қарсы қолданылатын құралдарды бірге алып жүру:

- уға қарсы дәрілері және нейтралдаушы заттары бар дәрі-дәрмек қобдишасын алып жүру:

- машина қоқсықтан тазартылып, басқа жүк қалдыратынан босатылуы тиіс және оның жүк салатын қорабында саңылау болмауы қажет.

Улы заттарды тасымалдауға арналған автомобильді, рейске шығар алдында, гараждың меңгерушісі немесе оның орнындағы адам тексереді. Жолдамаға: "Автомобиль жөнделген және белгіленген ережелерге сәйкес күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдауға жарамды", - деп жазылады.

Ескерту: Улы заттарды, оның ішінде күкіртті көміртек және фосфорды ат арбамен тасымалдау кезінде, міндетті түрде, өртке қарсы пайдаланатын құрал-жабдықтар болуы тиіс.

36. Жүктерді таулы және орманды жерлермен автомобильмен және ат арбамен тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда, киізбен немесе басқа да жұмсақ материалмен қапталған мықты жәшіктермен (брутто 50 кг-ға дейін) жақсы бекітілген жүктерді тасымалдауға рұқсат етіледі.

37. Көлік құралдарын дайындау жауапкершілігі жүкті тасымалдаушы кәсіпорын, мекеме ұйымдар басшыларына жүктеледі.

38. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдайтын автокөлікті басқаруға осы заттардың қасиеттерін және жүкті тасымалдау ережелерін жақсы білетін 1-2 класты жүргізушілер ғана жіберіледі. Жүргізуші міндетті түрде, жүктерді тасымалдау ережелері бойынша сынақтан өтуі тиіс және оған улы заттарды тасымалдауға болатыны жөніндегі куәлік беріледі.

Ескерту: Сынақты жүкті тасымалдаушы кәсіпорындарда (мекемеде, ұйымда) құрылған комиссия қабылдайды.

39. Әрбір атарбаға бір арбакештен бекітіледі. Бір арбакешке бірнеше атарба жүктеуге тыйым салынады. Арбакеш шұңқырлы, соқпақты, орлы және басқа да бөгет болатын жолдармен жүрмеуге міндетті:

Ат арбамен жүк тасыған кезде жәшіктер және басқа да ыдыстар көлденеңнен немесе ұзындығынан ат арбаның сыртынан шығып тұрмауы тиіс.

40. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдау кезінде, елді мекендерде демалу үшін, тоқтауға болмайды. Жолдармен 100 метрден кем болмайтын жерлерде және тұрғын үй құрлыстарынан 200 метр қашықтықта тоқтатуға болады.

Көлікті қоятын орыннан 200 метр қашықтықтан кем болмайтын жерге ескерту белгілері қойылады.

Көлікті жүргізу кезінде темекі шегуге тыйым салынады. Көлік тоқтаған кезде, көлікпен 100 метр қашықтықта ғана темекі шегуге рұқсат етіледі.

Көлік тоқтаған кезде от жағуға болмайды. Егер тағам даярлау қажеттігі туған жағдайда көлік тұрған орыннан 250 метр қашықтықта от жағуға болады.

41. Жолдың жақсы болуы және оны көру дәрежесі жақсы болуына байланысты автокөлік қозғалысының жылдамдығы сағатына 40 км-ден аспауы тиіс. Ауы райы тұманды, жаңбырлы, қарлы болған жағдайда жүк тасымалдайтын көліктің жылдамдығы екі есе азайтылады. Ат арба және жүк көлігі адымдап жүреді.

42. Көліктер көп болған жағдайда олардың белгілі бір арақашықтығы сақталынуы тиіс. Түзу жолдағы қозғалыс кезінде және аялдаған кездегі арақашықтық мынадай болуы тиіс: жүк теңелген жануарлар үшін - 10 метр, жүк таситын арбалар үшін - 20 метр және автомобильдер үшін - 50 метр. Тауға көтерілетін және түсетін кезде мынадай арақашықтық бекітіледі: жүк теңелген жануарлар үшін - 50 метр, жүк таситын арбалар үшін - 100 метр және автомобильдер үшін - 300 метр.

43. Егер жолда автомобиль, жүк таситын арба немесе жүк теңелген жануар жарамсыз боп қалса, онда жүк мүмкіндігінше басқа жүк тасымалдаушы көліктерге ауыстырылып салынады. Және де бұл туралы жақын жердегі ішкі істер органына бірден хабарланады.

Егер автомобиль немесе жүк таситын арба тұрған жерлерінде жөнделетін

болса, онда жүктерді көліктен 100 метр және елді мекендер мен жолдар 250 метр қашықтықтағы жерге апарып, оларды күзету шараларын қолдану қажет.

Егер автомашинаны немесе жүк таситын арбаны гаражда немесе шеберханада жөндеу қажет болса, онда олар жүктен босатылуы тиіс.

44. Жүк тасымалдауға жауапты адамдар алдыңғы жақтағы автомашина немесе алдыңғы жүк таситын арбада отыруы тиіс, ал ең соңғы автомобильдің қорабында немесе соңғы келе жатқан жүк таситын арбада қаруланған күзет адамының біреуі отыруы тиіс.

Жүргізушілер, арбакештер мен күзетушілер тасымалдауға жауапты адамның рұқсатынсыз, улы заттар тиелген көлікті иесіз қалдыруына тыйым салынады.

45. Тасымалданатын жүктерді күннен, жаңбырдан, қардан, шаңнан қорғау үшін, оларды брезентпен қаптау және көлік жүрген уақытта жүктер ауып кетпес үшін, оларды мықтап бекіту қажет.

Күшті әсер етуші улы заттармен бірге басқа жүктерді, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ЖЕКЕ БАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

46. Күшті әсер етуші улы заттарды алып жүретін адамдар, сондай-ақ көлік жүргізушілер өздерімен бірге противогаздар, тығыз матадан тігілген комбинезондар және резеңке қолғаптар алып жүруге міндетті.

47. Өрт шыққан автомобильдің жүргізушісі бензин келетін түтіктің аузын бекіткен соң, өртті сөндірудің төмендегідей жолдарын басшылыққа алады:

- ешқашан жанып жатқан бензинді сумен сөндірмеу
- түтін немесе жалынды көрінісімен бірден өрт сөндіргіш құралдарды қолдану ;

- егер өрт сөндіргіштің күші жетпей жатса, көліктің жүргізушісі мен жауапты адам жалынды суланған шүберекпен, ал жанып жатқан бензинді құрғақ топырақпен өшіруге тырысу.

48. Жүкті тасымалдауға жауапты адам улы заттар салатын ыдысты жөндеуге қажетті (балға, тістеуік, шегелер, замазка және т.с.с.)

құрал-жабдықтарды, ал түнгі уақытта жүргенде қолдағы батареялары бар электр шамын алып жүруге міндетті.

Ескерту: Күкіртті көміртек салынған ыдысты жөндеген кезде электр шамын, сондай-ақ темір балғаларды, тістеуіктерді және басқа да металл құралдарын пайдалануға болмайды.

49. Улы заттарды тасымалдайтын әрбір көлікте улы заттардың көлеміне байланысты артық ыдыс сақталуы тиіс.

50. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдау кезінде еріп жүретін адамдар ыдыстардың жағдайын бақылап отыруға міндетті.

Егер улы заттар салынған ыдыс жарамсыз боп қалса, көлікті бірден тоқтатып, ыдысты жөндеуге кірісуі қажет;

шашылған улы заттарды мұқият жинап алып, оны артық ыдысқа салу.

Ыдысты жөндеу және шашылған немесе төгілген улы заттарды жинап алу кезінде арнаулы киім киіп, басқа да қорғаныш құралдарын пайдалану қажет.

51. Күкіртті көміртек жанған кезде оны сумен (шашыраған күйде), өрт сөндіргішпен немесе топырақпен сөндіру.

Сары фосфор жанған кезде оны сумен немесе ылғал топырақпен сөндіру, одан кейін, қол тигізбей, күрекпен оның қалдығын жинап алып, ыдысқа салу және үстіне су құю. Егер ыдыс болмаған жағдайда жақын жердегі денсаулық сақтау органына және ішкі істер органына хабарлап, олардың ұсыныстары бойынша іс-әрекет жасау.

52. Улы заттарды мұқият оралып-түйілгеніне қарамастан, олардың шашылуы, азаюы және жануына байланысты барлық жағдайда жергілікті әкімшілікке, дәрігерге және милиция қызметкеріне (егер апат селолық жерде болса), санэпидстанцияға және ішкі істер органына (егер апат қалалық жерде болса) осы жүкті тасымалдауға жауапты адам шұғыл хабарлауға міндетті.

53. Егер улы заттарды тасымалдайтын ыдыстар тіпті жарамсыз боп қалса, онда жүкті тасымалдауға жауапты адам оларды қауіпсіз жерге апарып, ол жерге күзет қойып, жақын жердегі елді пункттен шұғыл түрде қажетті көмек берулерін талап етеді, әрі жергілікті денсаулық сақтау және ішкі істер органдарына хабарлайды.

54. Күшті әсер етуші улы заттардың ыдысы жарамсызданып, заттар шашылған барлық жағдайларда акт жасалады, ол 24 сағаттан кешіктірілмей, жергілікті ішкі істер органына және санэпидемстанцияға жіберіледі.

55. Улы заттарды тасымалдау болғаннан кейін, көлік құралдары мұқият тазартылып, жуылған соң әрі қарай пайдалануға беріледі. Көлікті жуу арнайы дайындалған, қоршаған ортаға қауіпсіз жерде жүргізіледі. Ластанған су тереңдігі 0,5 метрден кем емес шұңқырға жіберіліп және топырақпен жабылады.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ ҚОЛ ЖҮГІМЕН ТАСЫМАЛДАУ

56. Жолаушылар поездарында (кемелерінде) әсер етуші улы заттарды, тиісті түрде оралып-түйілген күйінде 5-6 кг салмаққа дейін қол жүгі ретінде ұстауға болады. Бұл салмақ жолаушыларға рұқсат етілетін қол жүгінің салмағына қосылды.

57. Улы заттарды жолаушылар поездарына (кемелерінде) тасымалдау ішкі істер органдарының рұқсатымен жүзеге асырылады.

58. Күшті әсер етуші улы заттарды қол жүгімен алып жүруге осы заттардың қасиеттерін және тасымалдау ережелерін жақса білетін адам тағайындалады. Жол үстінде ол осы жүкті бақылауға және күзетуге, сондай-ақ алдын-ала сақтану шараларын қолдануға міндетті:

Тасымалдауға жауапты адам өзімен бірге жергілікті нейтралдаушы заттар және тиісті қорғаныс құралдарын алып жүруге міндетті. Тасымалдау уақыты 12 сағаттан артық болса, онда оған көмекке екінші адам еріп жүреді.

59. Тасымалдауға жауапты болып тағайындалған адамдар поезд (кеме) жолға шығардан 2 сағат бұрын вокзалдың немесе станцияның (порттың, кемежайдың) бастығына ішкі істер органының қол жүгіне берген рұқсатымен бірге жүктерінде көрсетуге міндетті.

Вокзалдың немесе станцияның (порттың, кемежайдың) бастығы рұқсат қағазға станцияның (порттың, кемежайдың) мөрін басуға, рұқсат қағазда жауапты адамға қайтарып беруге, сондай-ақ жүктің буып-түйілген күйін тексеріп, қажетті жағдайларды жүктің (брутто) салмағын тексеруге міндетті.

60. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдаушы жолаушыға мыналар ұсынылады:

- Купелі поездың артқы жағынан мүмкіндігінше жеке купе, Ал купелі вагондары жоқ болса, қауіпсіз вагоннан жеке орын беріледі. Егер поезд келе жатып бағытын өзгертетін болса, онда ол адамға поездың артқы жағынан ауыстырылмайды.

- кемеден - жеке каюта, ал егер ол жоқ болса каютаның төменгі орны.

61. Күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдаушы жолаушы поездға (кемеге), егер осындай жүкті тасымалдаушы тағы бір жолаушы болса, кезексіз отыра алады.

Күшті әсер етуші улы заттарды қол жүгімен тасымалдаушы жолаушы поездға (кемеге) отырғаннан кейін, вокзал немесе станция (порт, кемежай) бастығы поездың бастығын немесе кемеңің капитанын, көліктегі ішкі істер органдарын хабардар етеді. Поездың бастығы бұл туралы мәлімдемеге және поездың маршрутына белгі жасайды.

Вагоннан орын алған жауапты адам (бірге еріп жүруші) вагонның жолсерігіне күшті әсер етуші улы заттарды әкеле жатқаны жөнінде хабарлауы тиіс.

62. Егер тасымалдаушы жүкке қауіпті жағдай туып қалса (өрт, вагонның, кемеңің жарамсыздануы) онда жүкті тасымалдаушы жолаушы алдын ала сақтанудың барлық шараларын қолдануға және жүкті басқа вагонға (кемедегі орынға) ауыстырып, оған күзет қоюға міндетті.

Ал жүкті сақтау мүмкіндігі тіпті болмаған жағдайда немесе ол поездың (

кеменің) қауіпсіз жағдайда жүруіне бөгет жасаса, онда жауапты адам (жүкпен бірге еріп жүруші адам мыналарға міндетті:

- темір жолда келе жатқанда поезды тетігі арқылы тоқтату, жүкті вагоннан алып шығып, қауіпсіз жерге қою және оны күзету, ал қажет болған жағдайда қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей ету;

- теңізге келе жатқанда - жүкті зиян келтірмейтіндей етіп, кемең бүйір жағынан суға лақтыру;

- өзенде, көлде, су қоймасында келе жатқанда жүкті - жағаға шығару, ал қажет болса, зиян келтірмейтіндей әрекет қолдану.

Болған жағдайлар жөнінде еріп жүруші адам мен поездың бастығының (бригадирінің) немесе бас кондукторының (кеменің капитанының, шкиперінің) қатысуымен акт жасалады.

63. Көлік қызметкерлерінің барлығы күшті әсер етуші улы заттарды қол жүгімен тасымалдаушы жолаушыларға алдын-ала сақтану шараларын қадағалауға көмек беруге міндетті:

ЖОЛ ҮСТІНДЕ ЖҮКТЕРДІ КҮЗЕТУ

64. Күшті әсер етуші улы заттарды қаруланған күзетпен тасымалдану. Жеңіл автомашиналарда, сондай-ақ қала ішінде улы заттарды көлікпен тасымалдағанда қарусыз күзет алып жүруге рұқсат етіледі.

Ескерту: Күшті әсер етуші улы заттарды қол жүгімен тасымалдайтын адамдар қаруланбайды.

65. Жауапты адам күзет адамдары күшті әсер етуші улы заттарды жөнелту орнынан бекітілген жерге апарғанша бірге еріп жүреді. Аталған жүкті күзететін адамдар жүкті темір жолға немесе су қатынасы жолдарына дейін жеткізген соң және жүк жол үстінде Қазақстан Республикасы Министрлігінің күзетімен қадағалауға алынатын жағдайда ғана босатылады.

66. Улы заттарды тасымалдау кезіндегі күзетуші адамдардың санын ішкі істер органының келісімімен жүктің жол жол үстінде болу уақытына және көліктің санына байланысты жүкті қабылдаушы адам бекітеді.

Аталған жүктерді тасымалдайтын көліктердің саны көп болған жағдайда, жүкті қабылдауға және тасымалдауға жауапты адамнан басқа кем дегенде 2 адам болу қажет.

Жүкті күзетуші адамдар көліктің жанында күндіз-түні тапжылмай күзетуі тиіс.

Еріп жүруші жауапты адам жол үстінде көлікті басқарады және оған көлік жүргізушілер, арбакештер және күзетушілер бағынады.

КҮКІРТТІ КӨМІРТЕКТІ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

67. Күкіртті көміртекті тасымалдау кезінде оның тез тұтанғыштық және қопарылғыштық қасиеттерін ескерумен қатар, жалпы ережелерден басқа төмендегідей арнайы ережелерді ескеру міндетті. Ыдыстың кенеттен соғылып немесе үйкелуіне байланысты шығатын қызу мен жалыннан күкіртті көміртектің жануын немесе қопрылуын болдырмас үшін, автомашина қорабының металл бөліктері ағашпен немесе жұмсақ материалмен қапталуы тиіс; - күкіртті көміртекті алыс жерлерге тасымалдаған кезде, егер жанармай құюбекеттері жоқ болса, онда бензин мен майларды тасымалдауға арнайы автомашиналар бөлінеді; - автокөліктегі батареялар мен электр сымдары күкіртті көміртек тұрған ыдыстарға өте жақын болмауы тиіс, сымдардың бір-біріне тиіп жалындау қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - жүкті әкеле жатқан адамдардың бәріне көліктің қозғалысы кезінде де және тоқтаған кезінде де темекі шегулеріне, сондай-ақ шырпы және де басқа тез тұтанғыш заттарды өздерімен бірге алып жүруге тыйым салынады. Шырпыны жүкпен еріп жүруші жауапты адам ғана алып жүре алады, ал көлік тұрған жерден 150 метрден жақын емес қашықтықта темекі шегуге рұқсат етіледі; - демалу үшін тоқтаған кездерде ереже бойынша от жағуға жол берілмейді. Тағам әзірлеу және т.с.с. жағдайларда ғана көлік тұрған жерден 300 метрден жақын емес қашықтықта от жағуға болады. Күкіртті көміртек тиелген көлікті тұрғын үйлерден, зауыттардан, фабрикалардан, теміржолдардан, көпірлерден және т.б. 1000 метрден жақын емес қашықтықта токтатуға рұқсат е т і л е д і .

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ БУЫП-ТҮЮ

68. Күшті әсер етуші улы заттар, кез келген көлікпен тасыған кезде, Мемлекеттік стандартқа немесе техникалық шарттарға сәйкес болатын және жүкті зақымданудан, шашылудан немесе ыдыстың ішіндегі заттың ағып кетуіне сақтандыратын және тасымалдау кезіндегі кез келген жағдайда толық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін берік, жөндетілген әрі таза ыдысқа салынып, жақсы буып-түйілуі тиіс. Ыдыста өндірістік немесе өткізуші кәсіпорынның аты, заттың атауы, классификациялары, өнімнің шығу сериясының нөмірі, брутто және нетто салмақтары, адамның бас сүйегінің бейнесі мен "у" деген таңба б о л у ы қ а ж е т .

Мұндай заттарды тасымалдау кезінде зауытта салынған және жекелей салынған ыдыстардан басқа, улы заттарды басқа тауарлар мен материалдардан міндетті түрде бөлектеп, пломба қойылған ерекше берік жәшіктерге буып-түйеді.

69. Күшті әсер етуші улы заттар мынадай ыдыстарға буып-түйілуі тиіс:

- тығыз тығындары бар шыны банкілерге (міндетті түрде тексеру), банкінің ернеуі парафинделіп, ол резеңке қақпақпен жабылуы тиіс. Шыны банкілер металл қаңылтыр қаптамаларға салынып, заттың зақымданбауы және ағып немесе ұшып кетпес үшін шыны банкілер (түбіне, араларына және беткі жағы) жұмсақ материалмен қапталуы тиіс. Қаңылтыр банкілердің қақпақпен қосылатын жерлері дәнекерленуі тиіс және қозғалмас үшін, араларына ағаш ұнтақтарын себу керек; жүкті жіберушілер жәшіктерді пломбылауы тиіс. Жәшіктің қақпағында "Жоғары ашыңыз, абайлаңыз" деген белгі болуы тиіс.

- қаптамалы винтті тығындары бар, қалайылған темір банкілерге;

- герметикалық тығындалған, төрт миллиметрлік фанерден жасалған ағаш барабанға салынған металл барабандарға. Барабандардың үстіңгі және төменгі жақтары темір құрсаулармен тартылуы тиіс, фанерлі барабандардың ұзындығы бойындағы жіктері темір құрсаумен бекітіледі;

- төрт қабатты крафтцеллюлозалық қаптарға;

- кендір қаптарға салынған, көп қабатты қағаз қаптарға, сондай-ақ фанерлі немесе темір барабандарға салынған қағаз, зығыр немесе кендір қаптарға;

- ағаш жәшіктерге салынған болаттан жасалған баллондарға;

70. Күшті әсер етуші улы заттар салынған барлық жүктерде мынадай белгілер көрсетілуі тиіс; улы заттың қалай аталатыны, жүкті жөнелтушінің және қабылдаушының аты-жөні мен мекен-жайы, жүктің нетто және брутто салмақтары. Сонымен қатар удың қауіптілік дәрежесі және ол уды ұстаған кезде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде ескертетін қағаз ыдысқа тапсырылады.

Мұндай ескерту қағаздарды жүктердің үстіңгі және бүйір жақтарынан жапсырылады. Ыдысқа барлық жазулар жуылмайтын қара бояумен анық жазылуы тиіс.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ САЛЫНҒАН ЖҮКТЕРДІ ТИЕУ ЖӘНЕ ТҮСІРУ ТӘРТІБІ

71. Күшті әсер етуші улы заттарды ұдайы тиеу жүргізілмейтін пункттерде жүкті тиеу немесе түсіру жұмыстары тәуліктің жарық мезгілінде жүргізіледі.

Улы заттарды тиеу және түсіруге арналған жерлер тұрғын үй және өндірістік құрылыстардан, жүк қоймаларынан (күкіртті көміртек қоймалырынан кем дегенде 500 метр) 125 метрден жақын болмауы тиіс.

Уларды тиеу және түсіруге арналған алаңдар шартты белгілермен (қызыл

жалаушалар, шамдар) қоршалып, қарулы күзет қойылуы қажет.

Уларды қолмен тиеп-түсіретін адамдар жеке басының қауіпсіздігі шараларын және жүктің төгіліп, шашылып қалмауы, буылған жүкті бүлдіріп алмау, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі шараларын қадағалауға міндетті.

Күшті әсер етуші улы заттар қойылған орындарды көмкеруге басқа заттарды лақтыруға, сүйреуге және басқа жүктерді олардың үстіне қоюға тыйым салынады.

КҮКІРТТІ КӨМІРТЕКТІ ТИЕУ (ТҮСІРУ) ТЕК ҚАНА КҮНДІЗГІ УАҚЫТТА (ТАБИҒИ ЖАРЫҚТА) ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

72. Улы заттарды тиеу кезінде міндетті түрде жүкті жөнелтуге жауапты адам, ал түсіру кезінде жүкті қабылдауға жауапты адам болуы қажет.

Жүкпен бірге еріп жүруге жауапты адам екі жағдайда жүктің жанында болуға міндетті.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАР САЛЫНАТЫН ЫДЫСТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ

73. Күшті әсер етуші улы заттар салынатын ыдыстарды тасымалдау кезінде күйіп немесе уланып қалмас үшін, сақ болу керек.

Тасымалдауға күшті әсер етуші улы заттардың қалдықтарынан іші де сырты да толық тазартылған ыдыстар ғана шектеусіз қабылданады. Тасымалдауға ішкі істер органдарының рұқсаты талап етілмейді.

74. Күшті әсер етуші улы заттар салынатын ыдыстарды тасымалдайтын адамның қолында кәсіпорын, мекеме немесе ұйым басшысының қолы қойылған,

ыдыстың улы заттардан тазартылғаны, залалсыздандырылғаны және тасымалдауға

қауіпсіздігі жөнінде анықтама болуы тиіс.

Ал егер ыдысты мұқият тазарту мүмкіндігі болмаған жағдайда олар, күшті әсер етуші улы заттар тұрған ыдыстар тасымалданатын тәртіппен тасымалданады.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТУШІ УЛЫ ЗАТТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

75. Улы заттар тиелген жүкті алып жүруге жауапты әрбір адамның қолында мынадай құжаттар болуы тиіс:

- ішкі істер органдарының рұқсат қағазы, ал медициналық және малдәрігерлік мақсатта тасымалдау үшін, жол куәлігі;

- жүкті жөнелтушінің тасымалданатын жүктің Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес буып-түйілгені жөніндегі анықтамасы;

- жүкті жөнелтуші мен қабылдаушының мекен-жайы, неше орын бар екендігі, күшті әсер етуші әрбір улы заттың аты, оның (брутто және нетто) салмақтары көрсетілген тиісті құжаттар;

- күшті әсер етуші улы заттарды автомобильмен, ат арбамен және теңестірілген жүкпен тасымалдау тәртібі жөніндегі қысқаша нұсқау.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

76. Осы нұсқауда белгіленген ережелерді қадағалау жауапкершілігі тиісті кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларына және күшті әсер етуші улы заттарды сақтауға, жөнелтуге, есепке алуға тасымалдауға және пайдалануға тікелей басшылық жасайтын осы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлеріне жүктеледі.

Осы нұсқаудың талаптарын бұзған адамдар заңда көрсетілген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

77. Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігіне және жергілікті жерлердегі ішкі істер органдарына күшті әсер етуші улы заттар сатып алу, сақтау, есепке алу және тасымалдау тәртібін ұдайы тексеріп отыру ісі жүктеледі.

Ішкі істер органдары осы Нұсқауды бұзу жағдайларын анықтаса, улы заттарды сатып алуға, өткізуге, сақтауға және тасымалдауға тыйым салуға құқылы.

N 1 Қосымша

Ерекше тәртіппен сатып алынатын, өткізілетін және жөнелтілетін, сақталатын, есепке алынатын және тасымалданатын күшті әсер етуші улы заттардың

Т І З І М І

1. Мышьяк ангидридi
2. Мышьяк тәрізді ангидрид
3. Алмас
4. Көгертетін қышқыл
5. Көгертетін қышқыл тұздары (цианистік натрий, цианистік калий, цианистік кадмий, цианистік күміс, цианистік және окцианистік сынап, цианистік қорғасын, цианистік мыс, цианистік мырыш, цианистік барий, цианистік кальций, цианистік препараттар (цианплав, "циклон")
6. Акрил қышқылының нитролы
7. Меркантофос
8. Этилмеркурфосфат
9. Этилмеркурхлорид

10. Дальдрин
11. Альдрин
12. Сары фосфор
13. Бруцин
14. Никотин
15. Стрихнин
16. Цианханин
17. Хлорпикрин
18. Күкіртті көміртек
19. Меркуран